

**Павлодар ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібін, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшерін айқындау туралы**

Павлодар облысы Павлодар аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 10 қаңтардағы № 2/1 қаулысы. Павлодар облысының Эділет департаментінде 2019 жылғы 15 қаңтарда № 6230 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі "Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге азаматтардың қатысуы туралы" Заңының 3-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына және Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 сәуірдегі "Құқық бұзушылық профилактикасы туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағы 3) тармақшасына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Павлодар ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын.
2. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Павлодар облысы Полиция департаментінің Павлодар ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) осы қаулыны іске асыру мақсатында тиісті іс-шаралардың өткізілуін қамтамасыз етсін.
3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.
4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрлігінің

Павлодар облысы

Полиция департаментінің

Павлодар ауданының

полиция бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

2019 жылғы "4" қаңтар

Ж. Шұғаев

M. Рахимов

Павлодар ауданы әкімдігінің

2019 жылғы "10" қаңтардағы

№ 2/1 қаулысына

қосымша

**Павлодар ауданында қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қатысатын азаматтарды көтермеледің түрлері мен тәртібі, сондай-ақ оларға ақшалай сыйақының мөлшері**

1. Азаматтарды көтермеледің түрлері:

- 1) Павлодар ауданы әкімінің құрмет грамотасы;
- 2) Павлодар ауданы әкімінің алғыс хаты;
- 3) ақшалай сыйақы;
- 4) құнды сыйлық.

2. Азаматтарды көтермеледің тәртібі:

1) қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермеледеу мәселелерін қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысатын азаматтарды көтермеледеу жөніндегі аудандық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) қарайды;

2) қоғамдық тәртіпті қорғауға белсенді қатысатын азаматтарды көтермеледеу туралы ұсынысты (қолдау хат) Комиссияның қарауына "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Павлодар облысы Полиция департаментінің Павлодар ауданының полиция бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Павлодар ауданының ПБ) енгізеді;

3) Комиссия қабылдайтын шешім көтермеледеу үшін негіз болып табылады;

4) Павлодар ауданының ПБ ақшалай сыйақыны төлеуді және құнды сыйлықты алуды облыстық бюджет қаражаты есебінен жүргізеді;

5) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін азаматтарға Павлодар ауданы әкімінің құрмет грамотасын, Павлодар ауданы әкімінің алғыс хатын, ақшалай сыйақы, құнды сыйлықтар табыстауды Павлодар ауданының ПБ жүзеге асырады.

Ақшалай сыйақы мөлшері мен құнды сыйлықтың бағасы 10 еселік айлық есептік көрсеткіштен аспауы тиіс.